

Қазірде 3 ГӨЗ: Қазақ (Маңғыстау обл.), Теңгиз (Атырау обл.), Жаңажол (Ақтөбе обл.) жалпы қуаттылығы жылына 12,3 млрд м³ газдың утилизациясы шамамен 60%-ды құрайды.

Қазақстан үшін табиғи газды комплексті утилизациялау өзекті мәселе. Газды жалпы өндірудің 44%-дан астамы мұнайға серік газдар болып табылады. Қазіргі таңда өндіріліп жатқан серік газдардың үштен бірі факелдерде жанып кетуде.

Қазақстанның мұнайға серік газдарының ерекшеліктері өте көп көлемде күкіртсутектер мен басқада күкіртті қосылыстардың болуында. Мысалыға, Жаңажол-Ұрықтау кен орынындағы улы күкіртті қосылыстар 2-6, Қарашығанақта – 3-5, Теңгизде – 19%-ын құрайды.

Мұнайға серік газдарды утилизациялау

1. Жылу және электрэнергиясын жүзеге асыруда.
2. ГӨЗ-да өңдеуде:
 - Тауарлы газды алуда газды тазалауда.
 - Тауарлы күкіртті алуда.
 - Сығылған газды алуда.
 - Мұнайхимиялық көмірсутекті шикізаттардың жекелеген газтәрізді көмірсутектерді (және оның қоспаларын) және сұйық көмірсутекті фракцияларды (газконденсатты кен орындарда) алуда.
3. Қайтадан пластқа мұнайды көбейту үшін айдау.

Табиғи газды утилизациялау